

## Қазақстан Республикасының Қоғамдық және Экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамалары туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 30 сәуірдегі N 2967 Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 5 сәуірдегі № 471 Өкімімен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.04.05 № 471 Өкімімен.**

1. Мыналар мақұлданын:

Қазақстан Республикасының Қоғамдық қауіпсіздігі тұжырымдамасы (N 1 қосымша) ;

Қазақстан Республикасының Экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы (N 2 қосымша).

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

-1996 жылдың 30 сәуіріне дейін қылмысқа қарсы күрестің 1996-1997 жылдарға және 2000-жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуді қамтамасыз етсін;

- екі ай мерзімде Қазақстан Республикасы Экологиялық қауіпсіздігінің тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі шараларды әзірлесін.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

1996

жылғы

30

сәуірдегі

N

2967

Өкіміне N 1 қосымша

## Қазақстан Республикасының Қоғамдық Қауіпсіздігі

### ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ Алматы

1996 жыл

### МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер және негізгі ұғымдар\_\_\_\_\_ 3
2. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің негізгі мақсаты, міндеттері мен принциптері\_\_\_\_\_ 4

3. Қатер түрлері және олардың туындауына ықпал ететін факторлар \_\_\_\_\_ 7

4. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары \_\_\_\_\_ 9

Егемен Қазақстанның Қоғамдық қауіпсіздіктің тұжырымдамасын жасауы - пісіп-жетілген міндет, оның мақсаты - қазіргі кезеңде республикада қалыптасып келе жатқан қоғамдық қатынастардың қалыпты дамуы үшін мемлекеттік деңгейде қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету.

Мемлекеттік құрылымдардың жұмыс істеуіндегі ұтымды негіздерді іздестіру және демократиялық құқықтық мемлекетке тән басымдықтарды қайта саралау адамның және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етумен, конституциялық құрылыс пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғаумен сипатталады.

Мемлекеттілікті қалыптастыру мен нығайтудың, демократиялық реформаларды жүзеге асырудың өтпелі кезеңіндегі қоғамдық қауіпсіздік адам мен азаматтың, қоғам мен мемлекеттік өмірлік маңызды мүдделерін құқыққа қарсы қол сұғушылықтан, дүлей апаттар мен өзге де төтенше оқиғалардан қорғауға бағытталған, мемлекетте ресми қабылданған нормалар жүйесін білдіреді.

## **I. Қоғамдық қауіпсіздіктің жалпы ережелері және негізгі ұғымдары**

Қоғамдық қауіпсіздік - жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің оларға елеулі залал келтіруі мүмкін ықтимал қауіп пен қатерден қорғалуы. Ол мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауға негізделген әрі адам мен азаматтың, қоғам мен мемлекеттің іргелі мүдделеріне нұқсан келтіретін ішкі және сыртқы ықпалдан қоғамдық қатынастар субъектілерін қорғауға бағытталған қызметін қамтамасыз е т е д і .

Мемлекет басшысы қоғамның тұрақтылықта өмір сүруі мен дамуына келеңсіз ықпал жасайтын қазіргі болып отырған және болуы ықтимал қауіп пен қатерді ескеріп, мақсат пен міндетті айқындайды, сөйтіп, соның негізінде қоғамдық қауіпсіздік стратегиясы түзіледі.

Қоғамдық қауіпсіздіктің объектілері: адам, оның құқықтары мен бостандығы, қоғамдық бірлестіктер мен меншіктің қандай нысанындағы болсын өзге де ұйымдар, әлеуметтік топтар және мемлекет.

Қоғамдық қауіпсіздік субъектілері - қоғамдық қауіпсіздікті жүзеге асыруға тиісті барлық мемлекеттік органдар.

Қоғамдық қауіпсіздікке қатер - қоғамдық қауіпсіздік объектілеріне қауіп

төндіретін себептердің, жағдайлар мен факторлардың жиынтығы, бұлардың іске асуы адамның, азаматтың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін.

## **II. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің негізгі мақсаты, міндеттері мен принциптері**

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің мақсаты қоғамдық қауіпсіздік объектілерінің қорғалуын ұйымдастырып, тиісті деңгейде ұстау болып табылады, ол мемлекеттік органдардың қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірлескен іс-қимылын білдіреді. Осы мақсатты іске асыру қоғамдық қауіпсіздік саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жүйесін әзірлеп, қабылдауды, заң шығарушы, атқарушы және сот билігі органдарының, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі барлық іс-шараларын кешенді жоспарлап, іске асыруға бағытталған қызметтің негізгі бағыттарын айқындап а л у д ы к ө з д е й д і .

Мемлекеттің қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі заңдық шаралары мен міндеттерінің кешеніне:

- жеке адамның құқықтары мен бостандығын реттейтін конституциялық шараларды бекіту, олардың халықаралық құқық нормаларымен және принциптермен үйлесімділігі;

- заңдық базаны жетілдіру;

- қоғамдағы және мемлекеттегі Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жүзеге асырылып жатқан демократиялық өзгерістердің базасында осы заманғы құқықтық сананы қалыптастыру;

- Қоғамдық қауіпсіздік тұжырымдамасының құқықтық негізін жасау, оның орындалуына мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету;

Ұйымдастыру-бақылау шараларының кешеніне:

- субъектілердің Қоғамдық қауіпсіздік тұжырымдамасының ережелерін орындауына мемлекеттік институттардың бақылауын ұтымды ету және жетілдіре б е р у ;

- бақылау мен қадағалау функцияларын орындайтын мемлекеттік органдардың қызметін ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету және ү й л е с т і р у ;

- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өз кадрларын даярлайтын и н с т и т у т қ ұ р у ;

- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған Мемлекеттік бағдарламаларды кешенді әзірлеп, іске асыру;

- қоғамдық қауіпсіздік объектілеріне қатер төндіретін көздерді анықтап, оларға бақылауды жүзеге асыру;

- республиканың қоғамдық қауіпсіздігінің жай-күйін бағалау, оның өрісін, дамуының бейімін болжамдау, қауіпсіздікті қамтамасыз етудің халықаралық жүйелеріне кірігу;

- билік жүргізуші органдардың халықты құлақтандыру ықпалынан ілгері жүретін бұқаралық-ақпарат құралдарының мемлекеттік органдардың, қоғамдық қауіпсіздік субъектілерінің жарияланатын материалдарының объективтілігі үшін жауапкершілігі деңгейін арттыру мақсатында олармен өзара іс-қимылы;

- азаматтардың, соның ішінде құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жеке басы мен мүлігін қол сұғушылықтан тікелей қорғау; куәні және зардап шегушіні қорғау институтын одан әрі дамыту; мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және қандай меншік нысанындағы болсын өзге де ұйымдардың қалыпты қызметін, соның ішінде төтенше оқиғалар кезіндегі қызметін қамтамасыз ету, заңды және жеке тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, қоғамдық қауіпсіздікке қарсы құқыққа қайшы қол сұғушылық жасаған адамдарды жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қолдану, ұлтаралық және өзге әлеуметтік қақтығыстарға итермелейтін себептер мен жағдайларды болдырмау;

- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің күштері мен құралдарын құру, дамыту, жарақтау, даярлау және іс-қимылға әзірліктің қажетті деңгейінде ұстау жатады.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық негізі.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық негізі Конституцияға, адамға, азаматқа, қоғам мен мемлекетке жеке қол сұғылмауын, олардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ететін, мемлекеттік өкіметтің негіздерін дәйектейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қабылдаған халықаралық міндеттемелерді ескеретін заң және өзге нормативтік құқықтық актілер болып табылады.

- Қазақстан Республикасының қоғамдық қауіпсіздік саласындағы заңдары мынадай негізгі блоктардан тұрады:

- қоғамдық қауіпсіздіктің негіздерін дәйектейтін конституциялық нормалардан;

- қоғамдық қауіпсіздік объектілеріне қол сұғушылық үшін жауапкершілік нормаларын қамтитын құқық қорғау заңдарынан (Қазақстан Республикасының қылмыстық және әкімшілік заңдары), сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікті оған төнген қатердің әр алуан түрлерінен (қарудың заңсыз айналымынан, табиғи және техногендік сипаттағы дүлей апаттардан, төтенше жағдайлардан және басқалардан) қорғауды қамтамасыз ететін арнаулы заңға тәуелді актілерден;

- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету субъектілерінің құқықтық мәртебесін дәйектейтін Заңдардан ("Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және оның органдары туралы", "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы", "Қазақстан Республикасы прокуратурасы туралы" және "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" заңдар);

- Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінен;

- Үкімет қаулыларынан және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Қоғамдық қауіпсіздіктің негізгі принциптері:

- құқықтық қатынастар субъектілерінің Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін о р ы н д а у ы ;

- қабылданатын мемлекеттік бағдарламаларды міндетті түрде экономикалық негіздеу және оларды іске асыру тетіктерін әзірлеу;

- мемлекеттік бағдарламалар мен нормативтік құқықтық актілер жобаларына міндетті түрде криминологиялық сараптама жасау;

- республикада қабылданатын заң актілерінің конституцияға, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына с ә й к е с т і г і ;

- Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттары бойынша міндеттемелерінің орындалуына бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету субъектілерінің жүйесі осы саладағы функцияларын заң шығарушы, атқарушы және сот билігі органдары, сондай-ақ мемлекеттік емес ұйымдар мен азаматтардың бірлестіктері арқылы жүзеге а с ы р у ш ы м е м л е к е т т і қ а м т и д ы .

Ол объектілердің: республикада тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың, олардың құқықтары мен бостандықтарының, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер мен меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді өзіне мақсат етіп қояды.

### **III. Қатер түрлері және олардың туындауына ықпал ететін факторлар**

Қоғамдық қауіпсіздіктің жай-күйін талдау қоғамдық қауіпсіздік объектілерінің қорғалу деңгейінің жеткіліксіз қамтамасыз етіліп отырғанын көрсетеді. Қоғамдық қауіпсіздікке ықпал ететін қатерлерге іріткі салатын және тұрақсыздық туғызатын сипаттағы оқиғалар мен

іс-әрекеттер жатады.

Іріткі салатын сипаттағы іс-әрекеттерге:

- әр түрлі қылмыстар, айрықша қауіпті қылмыстар жасау, соның ішінде терроризм;

- әкімшілік құқық бұзушылықтар жатады.

Тұрақсыздық туғызатын сипаттағы оқиғаларға:

- өрт пен дүлей апаттар;

- эпидемиялар мен індеттер:

- жаппай тәртіпсіздікке ұласу қатері бар ұлтаралық және дінаралық жанжалдар;

- рұқсат етілмеген митингтер мен шерулер;

- өзге де төтенше жағдайлар;

- сыртқы факторлар, яғни басқа мемлекеттердің ұлтаралық қатынастарды ұшықтыруы және тұтас алғанда елдегі жағдайға ықпал етуі мүмкін шешімдер қабылдауы, сондай-ақ солардағы ішкі мемлекеттік оқиғалар жатады.

Қоғамдық қауіпсіздікке төндіретін қатерге себепші болатын іріткі салатын және тұрақсыздық туғызатын сипаттағы факторларға мыналарды жатқызуға болады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келетін, қоғамдық қауіпсіздік субъектілерінің өмірлік маңызды мүдделерін қозғайтын заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

- экономиканың қоғам үшін өмірлік маңызы бар салаларында кең ауқымды жолсыздықтардың орын алуы үшін алғышарттар туғызатын нарық қатынастарының құқықтық реттелмеуі;

- экономикаға қылмыстың дендеп ену ауқымының кеңеюі, шет елдерге шикізат ресурстарының заңсыз әкетілуі, контрабанда, экспортталатын тауарларға бағаның негізсіз төмендетілуі, зиянды технологиялар мен тауарларды әкелу, валюталық түсімді жасыру және оны шетел банктерінде құқыққа қарсы орналастыру;

- заңды және жеке тұлғалардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің, соның ішінде құқық қорғау, сот және өзге де мемлекеттік органдар тарапынан бұзылуы мен оларға қысым жасалуы, мемлекеттік аппараттың бір бөлігінің бюрократизмі және сыбайлас жемқорлығы;

- әр түрлі қоғамдық бірлестіктердің қоғамдық тәртіпті жаппай және топтасқан бұзушылық үшін алғышарттар туғызатын заңсыз қызметі, олардың ұлтаралық және дінаралық жанжалдарды тұтандырып, өршітуі, республиканың аумақтық тұтастығына қол сұғушылық;

- өндірістік саланың бұзылуымен, меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындарда еңбек туралы заңдардың сақталмауымен, халықтың басым

бөлігінің әлеуметтік қорғалмауымен және т.б. байланысты әлеуметтік жанжалдар

;

- денсаулыққа зиян келтіретін және жеке адамның азғындауына әкеліп соғатын созылмалы маскүнемдік пен есірткіқұмарлықтың өсуі;

- көші-қон процестерінің өсуі және соған орай көшіп келушілерді қабылдау, орналастыру және көмек көрсету жүйесінің жетілдірмеуі, білікті кадрлардың толастамай келе жатқан көшіп кетушілігі, ішкі көші-қонның жете реттелмеуі;

- әскери міндеттіліктен жалтаратын адамдар санының артуынан, контрактілік қызмет туралы, балама қызмет туралы заңдардың болмауынан, әскери қызметшілердің өздерінің материалдық және әлеуметтік жағдайларына қанағаттанбауынан, қарулы күштердегі қылмыс пен сыбайлас жемқорлықтың өсуінен туындаған әскери саладағы келеңсіз процестер;

- экологиялық проблемалардың ұшығуы;

- білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет деңгейінің төмендеуі жатады.

Қылмыс қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қатер ретінде, қолдағы деректерге жасалған талдауға негізделген қоғамдық қауіпсіздіктің бүгінгі жай-күйіне баға беру қазіргі уақытта қауіпсіздік объектілеріне төнетін қатерлердің жаңа түрлерінің пайда болғанын көрсетеді. Бұл, ең алдымен, ұйымдасқан қылмыстың мемлекетті қалыптастыру және экономиканы тұрақтандыру процестеріне артып келе жатқан теріс ықпалы, қылмыстық іс әрекеттер ауқымының кеңеюі және қауіптілік дәрежесінің артуы, қылмыстардың жаңа кәнігі түрлерінің пайда болуы, зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің, қылмыстық көріністердің белең алуы, қылмыскер құрамдардың, қарулануы мен техникалық жарақаттануының күшеюі нарықтық өзгерістерге нұқсан келтіретін экономикалық қылмыстар, көлеңкелі экономика құрылымдарының қалыптасуы.

Контрабанда, республиканың бағалы шикізат ресурстары мен табиғи байлықтарының бақылаусыз шетке әкетілуі кең ауқымға ие бола бастады.

Банк жүйесінде ірі қаржылық жөнсіздіктерге жол берілуде. Жер-жерде кредиттерді берудің белгіленген тәртібі бұзылуда - олар, негізінен, мемлекет мүддесіне қайшы келетін делдалдық операциялар үшін пайдаланып жүр.

Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру елеулі жөнсіздіктерге жол беріле отырып жүргізілуде.

Мемлекеттік қызметшілер арасындағы сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес өзекті міндетке айналып отыр.

Сондықтан осындай қатерлердің жай-күйі мен түрлеріне, олардың қоғамдық қауіпсіздік объектілеріне келтіретін залалына, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделеріне тигізетін зиянды әсерінің жиілеуін арттыратын және азайтатын факторларға талдау жасалуы қажет.

## **IV. Қазақстан Республикасының қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттары**

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлеу үстінде мемлекеттік бағдарламаларды жасау және жетілдіру басым болып саналуға тиіс, оларда жеке адамның, қоғам мен мемлекет мүдделерінің қауіпсіздігі шараларының кепілдіктері айқындалуы қажет.

Экономика саласындағы бағдарлама қоғамдық қауіпсіздікке қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік шаралар мен кепілдіктер және осыдан туындайтын міндеттер жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Құқықтық реттеу бағдарламасы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін органдардың қызметіне мемлекеттік және қоғамдық бақылауды ескеруге тиіс.

Құқықтық реттеуді жетілдірудің негізгі бағыттары:

- қолданылып жүрген құқықтық нормаларды Конституцияға және Қазақстан Республикасы қабылдаған халықаралық міндеттемелерге сәйкес келтіру;
- қоғамдық қауіпсіздік объектілеріне төнуі ықтимал қатерлерге байланысты құқық қорғау заңдарын жетілдіру;
- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің: жеке адам, жол, өртке қарсы және басқа салаларындағы жекелеген түрлерін нормативтік реттеуді қайта қарау;

- көтеріңкі қауіп бар (қару, оқ-дәрі, әскери жарақ, жарылғыш, радиоактивті, улы, есірткі және әсері күшті заттар және басқалар) көздерді сақтау, тасымалдау, пайдалану үшін жауапкершіліктің құқықтық нормаларын күшейте түсу болып т а б ы л а д ы .

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тетігін жетілдірудің мақсаты - жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын жүйені қалыптастыру, сондай-ақ оның қалыпты жұмыс істеуі үшін жағдайлар туғызу. Бұл салада мыналар бірінші кезектегі міндеттер болып т а б ы л а д ы :

- Қазақстан Республикасының қоғамдық қауіпсіздігінің қазіргі жай-күйін талдауды ескере отырып, оны қамтамасыз ету функцияларын тікелей жүзеге асыратын негізгі мемлекеттік органдардың құзыретін нақтылау, соның ішінде: қылмысқа қарсы күрес - тек қана күш қолдану органдары (Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік тергеу комитеті, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, прокуратура) үшін ғана емес, әлеуетін неғұрлым қауіпті қылмыстық іс-әрекеттерге (ұйымдасқан қылмыс, есірткі бизнес, терроризм, контрабанда, қаржылық қылмыстар және басқалар) қарсы күрес үшін қолдану орынды болатын басқа да мемлекеттік органдар үшін басымдыққа ие болуға тиіс;
- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі негізгі буынды - ішкі



істер органдарының, Мемлекеттік тергеу комитетінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Кеден комитетінің, салық полициясының, қаржылық бақылаудың және басқалардың облыстық, қалалық, аудандық құрылымдарын нығайтуға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру, олардың жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерін тікелей қорғау жөніндегі пәрменді қызметі үшін жағдайлар туғызу;

- қылмыстардың және өзге құқық бұзушылықтың статистикалық есебін жүргізу үшін қылмыстық істер мен оларды жасаған адамдар бойынша мәліметтердің біртұтас компьютерлендірілген базасын жасау;

- ұйымдасқан топтар жасайтын, әсіресе экономика саласындағы қылмыстарды анықтау мен тыюдың жаңа әдістерін әзірлеу;

- қолданылып жүрген нормативтік-құқықтық актілер деректерінің біртұтас ба н к і н ж а с а у ;

- осы бағыттағы басқа да іс-шаралар.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы кешенді мемлекеттік жоспарлаудың негізгі нысаны болып табылады. Оларды жүзеге асыруда, соның ішінде қаржылық, материалдық, кадрлық қамсыздандыруда басымдық қамтамасыз етілуге тиіс. Осы саладағы негізгі бағдарлама Қылмысқа қарсы күрестің 1996-1998 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен құқық қорғау қызметінің 2000 жылға дейінгі негізгі бағыттары болуға тиіс, ол бірінші кезекте әзірленіп, атқарылуға қабылдануы керек. Реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996-1998 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасына сәйкес құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылын реттейтін заң және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобалары, қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі қоғамдық жасақтардың қызметін реттейтін құжаттар пакеті әзірленетін болады.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделері басқа бағдарламаларды, соның ішінде қаруды мемлекеттік бақылау туралы, халық арасындағы есірткіқұмарлық пен маскүнемдікке қарсы күрес проблемалары және басқалары жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуді қажет етеді.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жүзеге асыратын органдар қызметін бақылау және қадағалау жүйесін жетілдіру олардың қызметінде заңдылықты нығайтуды және азаматтардың құқықтары мен бостандықтары кепілдіктерінің пәрменділігін көздейді. Бұл бағыттағы бірінші кезекті міндет қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылаудың біртұтас жүйесін құру болып табылады.

Құқық қорғау заңдарын жетілдіру. Нарықтық реформаларды жүргізіп, жүзеге асыруға байланысты қылмыстың дағдылы нысандарын анықтап, оларды тыюға

